

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СТ Ш-02-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.06.06 22 беттен 1 бет
----------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------	----------------------------------------------------------------

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ

СТ Ш-02-2022

Қарағанды

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СТ Ш-02-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.06.06 22 беттен 2 бет
----------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------	----------------------------------------------------------------

Мазмұны

1. Қолдану саласы	3
2. Нормативтік сілтемелер	3
3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
5. Жалпы қағидалар	6
6. Стандарттың принциптері	6
7. Жауапкершілік / Корпоративтік басқару (алқалы шешім қабылдау, жұртшылықтың және білім алушылардың шешім қабылдауға қатысуы)	8
8. Академиялық парасаттылық (адалдық)	9
9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс (сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, корпоративтік этика)	10
10. Жатақханалардағы орындарды бөлу	16
11. Қаржы қаражатын тиісінше бөлу	18
12. Гранттарды бөлудің айқындығы	19
13. Жұмысқа қабылдау (конкурс, вакансиялар туралы мәліметтер)	20
14. Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу	21
15. Қолжетімділікті қамтамасыз ету	21
16. Сақтау	21
17. Талдау және өзектендіру	22
18. Құжатқа өзгерістер енгізу	22
А қосымшасы Келісу парағы	23
Б қосымшасы Танысу парағы	24
Библиография	25

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СТ Ш-02-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.06.06 22 беттен 3 бет
----------------------------------------------------------------------	-------------------------------------	----------------------------------------------------------------

1 Қолдану саласы

1.1 Осы «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Стандарт) университет қызметінде азаматтардың, университеттің және оның қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және функцияларды жүзеге асыру кезінде қолданылады.

1.2 Стандарттың қағидалары мен талаптарын сақтау Университеттің құрылымдық бөлімшелері, лауазымды тұлғалары, барлық қызметкерлері мен білім алушылары үшін міндетті болып табылады.

1.3 Стандартта көзделген Университеттегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, анықтау және жолын кесу шаралары мен тәсілдері түпкілікті болып табылмайды.

1.4 Стандарт талаптарын орындамау ҚР заңнамасында белгіленген шекте білім алушыны, қызметкерді тәртіптік жауапкершілікке тарту негізі бола алады және жекелеген жағдайларда азаматтық-құқықтық және қылмыстық қудалау шараларына әкеп соғуы мүмкін.

1.5 Университет қызметкерлері мен білім алушыларының Стандартты сақтауын бақылауды Университеттің комплаенс-офицері, факультет декандары және құрылымдық бөлімшелердің басшылары жүзеге асырады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:
СТ РК ISO 9000-2017 (ISO 9000:2015) «Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі қағидалар мен сөздік».

ҚР V-01-2022 «Құжатталған ақпаратты басқару».

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Стандартта СТ РК ISO 9000-2017 (ISO 9000:2015) «Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі қағидалар мен сөздік» сәйкес терминдер, анықтамалар мен қысқартулар келтірілген, оларға қосымша келесі терминдер мен олардың анықтамалары белгіленген:

ӘБП – әкімшілік-басқару персоналы;

ӘЖД – әкімшілік жұмыс департаменті;

ҚР - құжатталған рәсім;

Қайталау - әр түрлі бағалау мен талаптар шеңберінде сол бір жұмысты, оның ішінде ПОҚ-тың алдын ала рұқсатынсыз басқа курста бұрын бағаланған кез келген жұмысты, тіпті егер білім алушы оның авторы болып табылған жағдайда да, өз жұмысы ретінде, ішінара немесе толық ұсынуға тырысумен қоса алғанда ұсыну;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СТ Ш-02-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.06.06 22 беттен 4 бет
-------------------------------------------------------------------	-------------------------------------	----------------------------------------------------------------

Құпия ақпарат - үшінші тұлғаларға белгісіз болғандықтан нақты немесе ықтимал коммерциялық құндылығы бар кез келген ақпарат, оның ішінде қызметтік ақпарат, оған заңды негізде қол жеткізу шектелген және ақпарат иесі оның құпиялылығын қорғау шараларын қабылдайды. Құпия ақпарат болып табылатын мәліметтер қолданыстағы заңнамамен, Университеттің ішкі құжаттарымен анықталады;

Мүдделер қақтығысы - Университет қызметкерінің немесе лауазымды тұлғасының жеке қызығушылығы оның лауазымдық міндеттерін бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай;

Комплаенс-қатерлер - Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтамау қатері;

Корпоративтік мәдениет - бұл университетке тән құндылықтар, қағидаттар, мінез-құлық нормалары және қарым-қатынастар;

Сыбайлас жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға жығу;

Жеке пайда - қызметкердің өзі үшін де, сондай-ақ оның отбасы мүшелері, жақын туыстары және/немесе қызметкердің жеке мүдделілігі байланысты өзге де адамдар үшін, сондай-ақ қызметкер өзара байланысты болуы мүмкін заңды тұлғалар (фирмалар) үшін ақша, өзге де мүлік, оның ішінде мүліктік құқықтар, мүліктік сипаттағы көрсетілетін қызметтер түрінде кіріс алу мүмкіндігі немесе қандай да бір пайда (артықшылық) алу мүмкіндігі;

КБ - қоғамның кадрлар бөлімі;

Плагиат – басқа адамның еңбегі нәтижелерімен қорғалатын, академиялық, ғылыми, зерттеу, публицистикалық және талдау қызмет нәтижелерін қасақана немесе абайсызда, толық немесе ішінара заңсыз пайдалану, иемдену немесе билік ету, ол басқа адамдарға өзі туралы нақты автор ретінде жалған ақпарат берумен қатар жүреді;

Сыйлық - затты не сыйға тартушыға немесе үшінші тұлғаға мүліктік құқықты (талапты) өтеусіз беру не сыйға тартушының немесе үшінші тұлғалардың алдындағы мүліктік міндеттен босату;

ПОҚ - профессорлық-оқытушылар құрамы;

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

СБӨ - сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СТ Ш-02-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.06.06 22 беттен 5 бет
-------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------	----------------------------------------------------------------

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

Жұмыскер, қызметкер – Университетпен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын адам;

ҚР - Қазақстан Республикасы;

СМЖ - сапа менеджменті жүйесі;

Сөз байласу - басқа білім алушы үшін тексеруге және бағалауға жататын кез келген академиялық жұмысты орындау туралы білім беру процесі субъектілері арасындағы өзара уағдаластық;

Жасыру - академиялық өнімде жалған мәліметтерді жосықсыз ұсыну туралы ақпаратты айтпау және жасыру; зерттеулер мен эксперименттердің деректері мен нәтижелерін ауыстыру; зерттеу барысында алынған жалған ақпаратты ұсыну;

Көшіру - оқушының немесе қызметкердің басқа біреудің зияткерлік өнімін көшіруді білдіретін жосықсыз әрекеті;

СТ – стандарт;

ҚР СТ-Қазақстан Республикасының стандарты;

ОКП - оқу-көмекші персонал;

Бұрмалау - академиялық жазбаларды немесе басқа құжаттарды; деректерді (ғылыми эксперимент кезіндегі бақылауларды, жазбаларды, сұрау нәтижелерін қолдан жасау); академиялық жұмыстағы қолтаңбаларды; академиялық жұмысты әдейі қолдан жасау немесе бүлдіру.

ЗБ - заң бөлімі.

4 Жауапкершілік және уәкілеттілік

4.1 Осы Стандартты университеттің Басқарма Төрағасы–Ректоры титулдық бетте бекітеді.

4.2 Бекітілген стандарттың мазмұны, құрылымы және ресімделуі үшін стандарттың әзірлеушісі жауапты болады. Стандарттың соңғы редакциясы туралы шешімді СБӨ қабылдайды.

4.3 Стандарт талаптарын университет қызметкерлерінің назарына жеткізу үшін комплаенс-офицер мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары жауапты болады. Танысу туралы жазба «Танысу парағында» ресімделуі тиіс (Б қосымшасы).

4.4 Бөлімшедегі сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) құжаттарының, оның ішінде осы Стандарттың сақталуына, рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік ақпараттың жайылып кетуіне бөлімшелердің басшылары жауапты болады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СТ Ш-02-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.06.06 22 беттен 6 бет
-------------------------------------------------------------------	-------------------------------------	----------------------------------------------------------------

5 Жалпы қағидалар

5.1 Осы Стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді [2] және Университет қызметінің барлық салаларында тыйым салу, шектеу және рұқсат беру жүйесін білдіреді.

5.2 Стандарттың мақсаты Университетте ашықтық пен айқындылықты қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және Университет, оның қызметкерлері мен басшы құрамының қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікті арттыру болып табылады.

5.3 Стандарттың міндеттері:

– Университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлық пен жауапкершілікті қалыптастыру;

– сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;

– Университет қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту;

– Университет қызметінің тиімділігін арттыру.

6 Стандарт принциптері

6.1 Ақпараттық ашықтық қағидаты (ақпараттың шынайылығы, жарияланымның уақтылығы)

В Университетте қолданыстағы заңнаманың, ҚР нормативтік актілерінің және Университеттің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес оқу орны, оқытушылар мен қызметкерлер туралы ақпараттың қолжетімділігі қамтамасыз етілген:

1) ресми интернет-сайтта;
2) БАҚ-та ашық деректерді жариялау;
3) азаматтардың және қоғамдық ұйымдардың өтініштерін өңдеу, сондай-ақ осы өтініштерге ден қою;

4) қоғамдық кеңестердің жұмысы;

5) қызмет жоспарын қабылдау және мақсаттар мен міндеттердің жыл сайынғы жария декларациясы, оларды қоғамдық талқылау және сараптамалық сүйемелдеу;

6) қызмет нәтижелері туралы жария есеп;

7) жоспарлардың, шешімдердің, бағдарламалардың, саясаттың және нормативтік-құқықтық реттеудің түсінікті болуын қамтамасыз ету (олардың қажеттілігі мен жоспарланған нәтижелерін түсіндіру);

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СТ Ш-02-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.06.06 22 беттен 7 бет
-------------------------------------------------------------------	-------------------------------------	----------------------------------------------------------------

8) барлық мүшелерді (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар) хабардар ету: жаңалықтарды, әлеуметтік маңызы бар ақпаратты, фото - және бейне есептерді жариялау;

9) барлық мүшелерді (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар) тарту: пікірталастар ұйымдастыру, ведомствоның құжаттары мен бастамалары, жарияланған есептер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар және т. б. бойынша ұсыныстар, пікірлер мен түсініктемелер жинау;

10) парасаттылықты бұзу фактілері туралы хабарлаған персоналды қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Университет өзіне құпия ақпаратты жарияламауға, сондай-ақ заңнамада рұқсат етілген ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын пайдалануға міндеттеме алады.

Мүдделі тараптардың ақпаратқа құқықтарын жүзеге асыруда және жедел және қолжетімді ақпаратты ұсынуда Университет хабарлаудың тиісті әдістерін қолданады:

1) ақпараттық агенттіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ақпаратты ашу;

2) ақпаратты Университеттің ресми интернет-ресурсында жариялау арқылы жеткізу;

3) баспасөз конференциялары, көпшілік алдында сөз сөйлеу және мүдделі тұлғалармен жеке кездесулер кезінде ақпарат беру;

4) ҚР заңнамасында көзделген өзге де әдістермен.

6.2 Қолжетімділік және түсініктілік қағидаты (жоспарлар, шешімдер, бағдарламалар, саясаттар)

Университет қызметінің мақсаттары, міндеттері, жоспарлары мен нәтижелері қарапайым және түсінікті түрде ұсынылады.

Түсіндірме дайындау кезінде іс жүзінде маңызды ережелерді (бастамаларды, құжаттарды) барынша бөліп көрсету және түсіндіру үшін инфографика, таныстыру материалдары, бейне және аудиожазбалар, анимациялық материалдар, зияткерлік карталар және т.б. пайдаланылады. Түсініктеме нысанына қарамастан, олардың пайдаланушыларының мақсатты аудиториясы нақты анықталады.

«Қолжетімділік пен түсініктілік» тетігін іске асырудан тиімділікке қол жеткізу үшін мынадай коммуникация арналары қолданылады:

1) жаппай мекенжайсыз коммуникациялар: Университеттің ресми интернет-сайты, теледидар, баспасөз, сыртқы жарнама, әлеуметтік желілер;

2) жекелеген референттік топтарға әсер етуді болжайтын адрестік коммуникациялар.

6.3 Азаматтық қоғамды тарту қағидаты

Университетте қоғамда азаматтық белсенділікті (студенттік белсенділікті) түрлі нысандар арқылы, оның ішінде волонтерлік және қайырымдылық сияқты нысандар арқылы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалған.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СТ Ш-02-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.06.06 22 беттен 8 бет
-------------------------------------------------------------------	-------------------------------------	----------------------------------------------------------------

Жастар саясаты департаменті қоғамдық өмірдің барлық салаларына әсер ететін көптеген студенттік бастамаларды дамытуды ынталандыру бойынша ауқымды және жүйелі жұмыс ұйымдастырды.

Студенттік өзін-өзі басқаруды «Ақниет» жастар қайырымдылық ұйымы, Президенттік стипендиаттар Кеңесі, «Саналы ұрпақ» студенттік клубы, жатақханалардың студенттік кеңестері, студенттік орталықтар: мәдениет және спорт, білім беру жобалары, серіктестермен жұмыс бойынша, медиаорталықтан тұратын «Жас Орда» жастар қауымдастығы ұсынады.

Университеттің қоғамдық ұйымдары белсенді жұмыс істейді, олардың бірі Этика жөніндегі кеңес болып табылады, ол білім беру саласындағы ереже бұзушылықтар, ішкі тәртіп ережелері, этикалық талаптар мен парасаттылық принциптері үшін университет қызметкерлері мен білім алушыларының тәртіптік істерін қарауға құрылған.

6.4 Есеп беру қағидаты (қоғамдық бақылау тетіктерін дамыту)

Университетті басқару бойынша шешімдерді қабылдау процесінде ашықтықты арттыру үшін Университеттің алқалы органдары: Ғылыми кеңес, Этика жөніндегі кеңес, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия және т. б. құрамымен ПОҚ мен студенттік қоғамдастық өкілдерінің қатысуы қамтамасыз етілді.

Жыл сайын Ғылыми кеңестің кеңейтілген отырысында Университеттің Басқарма Төрағасы - Ректорының Университет ұжымы мен жұртшылық алдындағы қызметі туралы есебі тыңдалады.

Комплаенс-бақылау және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ішкі (жергілікті) құжаттардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингін жүргізеді.

7 Жауапкершілік / Корпоративтік басқару (алқалы шешім қабылдау, жұртшылықтың және білім алушылардың шешім қабылдауға қатысуы)

7.1 В Осы Стандартта корпоративтік басқару ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және барлық үдерістерді басқарудың ашық жүйесін құру мақсатында университет қызметінің тиімділігін арттыру құралы ретінде қарастырылады.

Университеттегі корпоративтік басқару әділдікке, адалдыққа, жауапкершілікке, ашықтыққа, кәсібилікке және құзыреттілікке құрылады.

Корпоративтік басқару құрылымы университет қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделеді және университеттің табысты қызметіне, оның ішінде оның құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылықты қолдауға және білім алушылар мен қызметкерлер үшін парасаттылық пен сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікті дамыту бойынша нақты азаматтық ұстанымды дарытуға ықпал етеді.

7.2 Университетте корпоративтік мәдениетті дамыту, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету, беделді нығайту және барлық процестерді ашық басқару жүйесін құру мақсатында Іскерлік этика кодексін [8], студенттердің,

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СТ Ш-02-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.06.06 22 беттен 9 бет
----------------------------------------------------------------------	-------------------------------------	----------------------------------------------------------------

магистранттар мен докторанттардың Ар-намыс кодексін [9], Сапа аймағындағы саясат пен мақсаттарды [10] және Университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарын әзірледі.

7.3 Алқалы органдар құрылды:

– бюджет қаражатын бөлу және тиісінше пайдалану мәселелерін шешу үшін – Директорлар кеңесі;

– профессорлық-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналын жұмысқа қабылдау үшін - Конкурстық комиссия.

Қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету мақсатында алқалы органдар жұртшылық өкілдерінің қатысуын және бейнетіркеу құралдарын қолдануды қамтамасыз етті.

7.4 Алқалы органдардың мүшелері:

1) университеттің мүдделерін барынша көрсететін өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындамау;

2) Университет мүлкін жеке мақсатта пайдалану;

3) Университет қызметі туралы ақпараттың, оның ішінде Университеттегі жұмысы тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде құпиялылығын сақтау;

4) корпоративтік мәселелер бойынша объективті емес пайымдар;

5) өкілеттіктен асатын іс-әрекеттер және өкілеттіктерді олар берілген мақсаттарда ғана пайдалану;

6) Университет қызметкерлерімен, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалармен мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін іс-әрекеттер;

7) өз өкілеттіктері мен функцияларын тиісінше орындамауы;

8) ҚР заңнамасының, Университеттің жарғысы [7] мен ішкі құжаттарының нормаларына сәйкес келмейтін іс-әрекеттер.

7.5 Алқалы органдардың қызметі осы орган қарайтын мәселелер тізбесінің аражігін нақты ажыратумен қатар ережемен регламенттелген.

7.6 Алқалы органдардың мүшелері өздерінің функционалдық міндеттерін, қабылданатын шешімдер үшін құқықтары мен жауапкершілігін білуге міндетті.

7.7 Стандартты сақтауға дайындығын көрсету:

– бизнес-процестердің ашықтығын регламенттейтін Университетте әзірленген құжаттар Стандарттың сақталуына дайын екендігін көрсетуі тиіс;

– Университет ұйымның барлық нормативтік және өзге де құжаттарында, өзінің бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарында, күнделікті қызметінде стандарт нормаларын сақтау бойынша өзінің адалдығын айқын және бір мағыналы атап көрсетеді.

8 Академиялық парасаттылық (адалдық)

8.1 Парасаттылық – бұл білім беру процесіне және білім беру мекемелеріне қатысушылардың сыбайлас жемқорлық қатерлері мен көріністерін болдырмайтын, кәсіптік ортаны қалыптастыратын және нығайтатын, оларға

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СТ Ш-02-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.06.06 22 беттен 10 бет
-------------------------------------------------------------------	-------------------------------------	-----------------------------------------------------------------

осындай мінез-құлықты ұстануға мүмкіндік беретін құндылықтар мен қағидаттарға сәйкес іс-әрекет жасауға тұрақты міндеттемесі.

8.2 Университетте академиялық парасаттылықты (адалдықты) ілгерілетудің негізгі критерийлері мыналар болып табылады:

1) білім беру және зерттеу процесінің негізгі құндылығы болып табылатын Академиялық адалдық;

2) Іскерлік этика кодексінің, университет студенттерінің, магистранттарының және докторанттарының Ар-намыс кодексінің ережелерін сақтау;

3) білім алушылардың жазбаша жұмыстарының барлық түрлерін плагиатқа тексеру. Плагиат бойынша тексеру жүргізу қағидалары мен тәртібі «Плагиатқа қарсы» рәсімімен айқындалған. Бұл қызмет UNIVER жүйесі арқылы электрондық форматта көрсетіледі, бұл «университет - білім алушы» өзара іс-қимыл жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық қатерлерін болдырмауға, білім алушылардың сұраныстарын шешу тиімділігі мен жеделдігін арттыруға, қызметтерді алу уақытын едәуір азайтуға мүмкіндік береді;

4) Университет студенттерінің, магистранттарының және докторанттарының Ар-намыс кодексіне сәйкес білім алушының академиялық адалдық қағидаттары мен стандарттарын бұзғаны үшін жауапкершілігі;

5) оқыту нәтижелерін әділ және объективті бағалау жүйесі шеңберінде білім алушыларға жоғары талаптар қою;

6) оқуды аяқтауға мүмкіндігін тек үздіктерге беру;

7) дипломмен расталған кадрларды даярлау сапасы үшін жауапкершілік;

8) университеттің Іскерлік этика кодексіне сәйкес Академиялық адалдық қағидаттары мен стандарттарын, өзара құрмет пен әділдікті сіңіретін оқытушының ментор ретіндегі жоғары жауапкершілігін қамтамасыз ету;

9) академиялық адалдықты алға қою және қорғау Университеттегі барлық білім алушылар мен қызметкерлердің өзара күш-жігерінің нәтижесі екенін мойындау;

10) Университеттің әрбір білім алушысы мен қызметкерінің Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау бойынша жүктелген міндеттемелерін адал орындауы.

8.3 Осы стандарт бойынша мынадай теріс қылықтар Академиялық арамдық (адал еместік) деп танылады: плагиат, көшіру, қайталау, бұрмалау, жасыру, сөз байласу.

9 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс (сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, корпоративтік этика)

9.1 Парасаттылықты алға қою мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен менеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу, қолдау, талдау және жақсарту жөніндегі тұрақты жұмыс;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СТ Ш-02-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.06.06 22 беттен 11 бет
-------------------------------------------------------------------	-------------------------------------	-----------------------------------------------------------------

2) сыбайлас жемқорлық қатерлерін бағалауды жүйелі негізде жүргізу – жарты жылда бір рет;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтауда ішкі қызметінің тиісті жауапкершілік пен қажетті өкілеттіктер берумен қатар болуы – комплаенс-бақылау және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін қажетті процестерді жоспарлау, енгізу, талдау және басқару;

5) сыбайлас жемқорлық қатерлерін басқару үшін қаржылық және қаржылық емес бақылау тетіктерін енгізу;

6) сыйлықтарды ұсынуды, беруді немесе қабылдауды, шығыстарды төлеуді, қайырмалдықтар төлемін және басқа да пайда алуды болдырмау мақсатында рәсімдерді енгізу;

7) парақорлық немесе кез келген сыбайлас жемқорлық бұзушылық жағдайлары, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіндегі әлсіздіктер туралы комплаенс-бақылау және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияларды немесе университеттің комплаенс-офицеріне (тікелей не тиісті үшінші тарап арқылы) адал ниетпен немесе негізделген болжаммен қызметкерлерді көтермелейтін және оларға мүмкіндік беретін рәсімдерді енгізу;

8) анықталған немесе негізді түрде болжанған немесе олар туралы ақпарат келіп түскен сыбайлас жемқорлықтың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарын бұзудың кез келген жағдайына қатысты тергеп-тексеру және шаралар қабылдау жөніндегі рәсімдерді енгізу;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызмет нәтижелерін бағалау - жылына 1-рет сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;

10) салауатты әлеуметтік ортаны қалыптастыру және Университетте сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік бойынша студенттерді Университетті басқару процесіне тарту.

9.2 Университетте жүзеге асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенске жауап беретін және Университетте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмысты үйлестіруге арналған комплаенс-офицер лауазымы енгізілді, университеттің құрылымдық бөлімшелерінен тауар - материалдық құндылықтарды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға өтінімдерді қарау және олардың орындылығы мен бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы шешім қабылдайды;

2) комплаенс-бақылау және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия құрылды, оның негізгі қызметі комплаенс-қатерлерді анықтау, бағалау және талдау, білім беру қызметтері сапасының мониторингі, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының, сондай-ақ парасаттылық,

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СТ Ш-02-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.06.06 22 беттен 12 бет
-------------------------------------------------------------------	-------------------------------------	-----------------------------------------------------------------

педагогикалық этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қағидаттарының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады;

3) жалпы сипаттағы ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттар қабылданды: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары, Іскерлік этика кодексі, университет студенттерінің, магистранттары мен докторанттарының Ар-намыс кодексі, Сапа саласындағы саясат пен мақсаттар және университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттары;

4) Университетте жүргізіліп жатқан HR-саясат меритократия қағидаттарына және кадр саясатында фаворитизм үшін қолайлы жағдайлардың дамуын болдырмауға негізделеді. Конкурсты бағалау мен өткізу және қызметкерлерді аттестаттау рәсімі университеттің ПОҚ пен ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу қағидаларында жазылған;

5) Университет қызметкерлерінің ғылыми және білім беру қызметін арттыру үшін Университет қызметкерлерін уәждемелеу және ынталандыру жүйесі әзірленді - ПОҚ және ӘБП рейтингі туралы қағида;

6) білім беру сапасын арттыру мақсатында кері байланыс жүйесі енгізілді, оған «Оқытушы студенттер көзімен» әлеуметтік зерттеуі, «ҚарТУ білім беру бағдарламасын ұйымдастыру сапасына қанағаттану», «ББ бойынша оқытушылардың құзыреттілігін бағалау», «Университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сауалнамасы», «Таза сессия», «ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлық деңгейін зерттеу бойынша» және т. б. тақырыптарда білім алушылардың электрондық сауалнамасы кіреді;

7) академиялық ортада заңсыз іс-әрекеттер жасағаны туралы келесі хабарлау механизмдері қолданылады:

– Университеттің сайтында Комплаенс-офицердің web-парақшасында сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлауға болады;

– Университет сайтында Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының блогында академиялық ортада заңсыз іс-әрекеттер жасағаны туралы хабарлау мүмкіндігі қарастырылған;

– Университет сайтында Этика жөніндегі кеңестің web-парақшасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, Жарғыны, Стандартты, Іскерлік этика кодексін және Университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарын сақтамау мәселелері бойынша өтініш жасау мүмкіндігі қарастырылған;

– Univer жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша студенттер мен ПОҚ-ға сауалнама жүргізіледі;

– сенім телефоны жұмыс істейді;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша студенттік дөңгелек үстелдер, конференциялар, семинарлар және т. б. өткізіледі;

8) Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының ұжым мен жұртшылық алдындағы жария есептілігі енгізілді;

9) Университеттің барлық білім беру бағдарламаларына құқықтық сана деңгейін арттыруға бағытталған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» курсы енгізілді;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СТ Ш-02-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.06.06 22 беттен 13 бет
-------------------------------------------------------------------	-------------------------------------	-----------------------------------------------------------------

10) студенттер мен оқытушылардың басым көпшілігінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша әртүрлі ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары (форумдар, семинарлар, тренингтер, акциялар, флэш-мобтар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы кітап көрмелері мен конкурстар және т. б.) өткізіледі;

